



Астана қаласы

2025 жылғы 05-15 тамыз

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 05-15 тамыз аралығында «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бағытында балалар шығармашылығының Республикалық көрме-байқауын қашықтық форматта өткізеді.

Республикада 140 мыңға жуық бала мектеп үйірмелері мен мектептен тыс ұйымдарда сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысады. Сәндік-қолданбалы шығармашылық балалардың әлемді өзгертуге деген шығармашылық ұмтылыстарын байытады, олардың стандартты емес ойлауын, еркіндік сезімін, тәуелсіз болуды, даралықты, зерделеу және байқау қабілетін дамытады, сонымен қатар балаларды халықтық мәдениеттің бастауларымен таныстырады.

Көрме-байқау сәндік қолданбалы шығармашылықты насихаттау, білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу мақсатында өткізіледі.

Көрме-байқауға қатысушылар – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – Көрме-байқаудың облыстық, қалалық (Астана, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары.

Көрме-байқауға қатысушылар – түрлі жанрлар мен әдістерді пайдалана отырып, жұмыстар ұсынады. Бұл ұлттық ою-өрнек элементтері бар киім үлгілері, оригами, аппликация, квиллинг, көркем кесте, ұлттық нақышта интерьер дизайн-жобалары және т.б.

Көрме-байқауға қатысу – оқушы үшін үздік ынталандыру. Оқушының өз талантын көрсетуге, жұмысын кең аудиторияға паш етуге мүмкіндік береді. Балалар қоршаған әлемнің сұлулығы туралы

түсініктерін кеңейтеді, жеке қабілеттерін дамытады, өз бетінше дербес жұмыс істеу дағдысына тәрбиеленеді. Көрме-байқау ережесіне сәйкес іс-шараның өңірлік кезеңдерін өткізу қарастырылған, оған өңірлік кезеңдерде (мектепішілік, аудандық және облыстық) 45 385 оқушылар қатысты (облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының деректері бойынша).

Көрме-байқау өткізу балалардың жеке қабілеттерін дамытуға, көркем шығармашылық арқылы шығармашылық және зияткерлік әлеуетін белсенді етуге бағытталған әлеуметтік-мәдени кеңістікте тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал етеді, сонымен қатар балалар шығармашылығының дәстүрлі және замануи бағыттарын танымал етуге мүмкіндік береді.

Көрме-байқаудың жеңімпаздарына дипломдар мен сыйлықтар, және барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Көрме-байқаудың қорытындысы www.ziyatker.org сайтында жарияланады.



г. Астана

05-15 августа 2025г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан с 05 по 15 августа 2025 года проводит в дистанционном формате Республиканскую выставку-конкурс художественного и декоративно-прикладного детского творчества «Алтын қазына».

Декоративно-прикладным творчеством в республике занимаются 140 тысяч ребят в школьных кружках и внешкольных организациях. Декоративно-прикладное творчество обогащает творческие стремления детей преобразовывать мир, развивает в детях нестандартность мышления, свободу, раскрепощенность, индивидуальность, умение всматриваться и наблюдать, а также приобщает детей к истокам народной культуры.

Выставка-конкурс проводится с целью популяризации декоративно-прикладного творчества, развития художественных, творческих способностей обучающихся, приобщения к духовно-нравственным и культурным ценностям.

Участники Выставки-конкурса – обучающиеся организаций общего среднего и дополнительного образования - победители областных, городских (Астана, Алматы и Шымкент) этапов Выставки-конкурса.

На Выставку-конкурс участниками будут представлены работы с использованием разнообразных жанров и техник. Это и модели одежды с элементами национального орнамента, и оригами, аппликация, квиллинг, художественная вышивка, дизайн-проекты интерьера с национальным колоритом и многое другое.

Участие в Выставке-конкурсе - хороший стимул для школьника. Ему предоставляется возможность продемонстрировать свой талант, показать широкой аудитории свою работу. У ребят расширяется

представление о красоте окружающего мира, развиваются индивидуальные способности, воспитывается самостоятельность в работе. В соответствии с правилами Выставки-конкурса предполагалось проведение региональных этапов данного мероприятия, в региональных этапах (школьные, районные и областные) которых приняли участие 45 385 школьников (по данным управлений образования областей, городов Астана, Алматы, Шымкент).

Проведение Выставки-конкурса направлено на развитие индивидуальных способностей, активизацию творческого и интеллектуального потенциала детей посредством художественного творчества, способствует гармоничному развитию личности в социокультурном пространстве, а также дает возможность популяризовать традиционные и современные направления детского творчества.

Победителям выставки-конкурса будут вручены дипломы и призы, а всем участникам-сертификаты. Результаты Выставки-конкурса будут размещены на сайте www.ziyatker.org.